

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2022-2023 оқу жылындағы
Стратегиялық даму және сапа комитетінің мәжілісінің
№3 хаттамасы

Түркістан қаласы

20 маусым 2023 жыл

сағат 15:00

Қатысқандар: Комитет мүшелері – 20 адам.

Шақырылғандар: 10 адам.

Барлығы: 30 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Даму Стратегиясының оқу жылы бойынша орындалуы туралы.
2. Ішкі рейтинг нәтижелері туралы.
3. Әртүрлі мәселелер.
 - 3.1 Факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиялары төрағаларының есебін тыңдау (жауапты: факультет декандары мен комиссия төрағалары).
 - 3.2 Сыртқы эксперттерінің ұсынымдары бойынша жүргізілген жақсарту шараларына басшылық тарапынан талдаулар есебі туралы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев ағымдағы жылы мамыр айында Астана қаласында жоғары оқу орындарының ректорлары, проректорлары және басқа да мамандардың қатысуымен семинар өткенін, семинарда оқу орындарындағы Даму Стратегиясын біріздендіру, жаңа форматқа көшіру туралы және министрліктің Даму концепциясына сәйкестендіру мәселелері талқыланғанын айтып өтті. Қазақстандағы оқу орындарын алып қарайтын болсақ, әр оқу орнының Даму Стратегиясы әр қилы, әр университет өз алдына еркін түрде Стратегия жасайды. Мысалы, Түркия оқу орындарында жоспарлар білім комитеті арқылы өтеді, ол жерде негізгі критерийлер бойынша жалпы шаблон жасалған, әрі қарай оқу орындары өздеріне қажет деп тапқан индикаторларды қосады, ол жерде біріздендірілген жақсы жүйе бар. Ағымдағы жылы тамыз айында комитет отырысында Қазақстандағы бүкіл оқу орындарының Стратегиялық бағыттары, негізгі индикаторлары соңғы талқылаулардан өтіп, Стратегиялық даму жоспарының біріздендірілген үлгісі әзірленеді деген ойымыз бар деп айтып өтті.

Ендігі кезекте оқу ордамыздағы Стратегиялық даму жоспарының 2022-2023 оқу жылында орындалуы жөнінде мәліметті кесте түрінде таныстыра отырып баяндады (қосымша тіркелді). Жалпы индикаторлардың саны 127, биылғы оқу жылының индикаторларының жалпы саны 109, былтырғы оқу жылы 82 индикатор болған, әр жыл сайын индикаторлар саны артып отырады. 2022-2023 оқу жылында Стратегиялық даму жоспарының орындалу көрсеткіштері жалпы 109 индикатор бойынша 69-ы орындылып, 63 %-ды құрады. Ал, бағыттар бойынша 1-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 12 (85,7%),

орындалмағаны 2 (14,3%); 2-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 13 (50%), орындалмағаны 13 (50%); 3-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 7 (100%), орындалмағаны 0 (0%); 4-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 9 (45%), орындалмағаны 11 (55%); 5-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 10 (66,6%), орындалмағаны 5 (33,3%); 6-шы стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 15 (68,2%), орындалмағаны 7 (31,8%); 7-ші стратегиялық бағыттың индикаторларының орындалғаны 69 (63%), орындалмағаны 40 (37%); Ж.Дарибаев университетіміздің Стратегиялық даму жоспары басты құжат екендігін айта отырып, оның орындалуының маңыздылығы университет қызметкерлерінің барлығы үшін ортақ екендігін, ұжым болып жұмыла жұмыс жасау керектігін айтып, сөзін қорытындылады.

Шешім:

Стратегиялық даму жоспарының 2022-2023 оқу жылы бойынша есебі назарға алынсын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев ішкі кәсіби рейтинг нәтижелері туралы жалпылама кесте түрінде презентация жасап (қосымша тіркелді) айтып өтті. Университетіміздің ішкі кәсіби рейтингінде оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің еңбектері 3 бағыт бойынша ескеріледі: Ғылым, Академиялық және Әлеуметтік-мәдени бағыт. Ғылым бағытының меншікті үлесі жалпы ұпай санының 50 %-ын құрайды, академиялық бағыттың меншікті үлесі жалпы ұпай санының 35 %-ын, ал әлеуметтік-мәдени бағыттың үлесі 15 %-ды құрайды. Бүкіл рейтинг процесі график бойынша жүргізіліп отырды. Ереженің өзгерген жобасы бойынша пікір-ұсыныс қабылдау туралы ОПҚ мен ғылыми қызметкерлердің талқылауына корпоративті почта арқылы жіберілген болатын. Келген ұсыныстар рейтинг комиссиясында талқыланып, Ереже жобасы Сенат мәжілісіне талқылауға шығарылып, 2023ж. 23 наурызда бекітілді. Жаңа ереже көрсеткіштері бойынша ip.ayu.edu.kz ақпараттық базасына өзгерістер ендіріліп, ол 20.04.2023ж. іске қосылды. 20.04.2023-20.05.2023 аралығында оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер еңбектерін ip.ayu.kz порталына ендіргенін, сала бойынша вице-ректорларының өкімімен бекітілген растаушы тұлғалар ендірілген мәліметтерді 21.05-31.05.2023 аралығында тексеріп шыққанын айтып өтті. Сонымен қатар, 01.06-05.06.2023 күндер аралығында оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлерге қате салынған еңбек көрсеткіштерін сәйкес ұяшықтарға жүктеуге, дәлелді құжаттарын толықтырып салуға, ұсыныс, шағым, өтініш беруге мүмкіндік берілгенін және барлық процесс ереженің аясында жүргізілгенін атап өтті. Он екінші маусым күні рейтингтік комиссия отырысы өткізіліп, ОПҚ тарапынан сексен тоғыз өтініш келіп түскенін, комиссия барлық жұмыстарды қорытындылағанын айтты. Ендігі кезекте алдымызда екі түрлі мәселе бар, Стратегиялық даму жоспарының есебін Сенат мәжілісіне шығарып алдын ала бекітуден өткізу, күзде ынталандыруға ұсыныс жолдау кезінде түзетулер жасау. Яғни, жаз айларында алғашқы орындардан көрінген ТОП-100 оқытушы тарапынан порталға ендірілген мәліметтердің дұрыстығын тағы да бір тексеруден өткіземіз. Ол үшін университет тарапынан бірнеше агенттіктерге хат жібердік, оқытушыларымыздың порталға жүктеген диплом, сертификат сияқты құжаттардың

растығын анықтап беру туралы. Ендірілген бірқатар құжаттарға күмәніміз болды, солардың растығына анықтау процестері аяқталғаннан кейін ынталандыру марапатына ұсынамыз. Егер ендірілген құжаттар ережеге сәйкес болмаса, мәліметтерді қолдан жасау немесе өтірік ақпараттармен ұпай алуға тырысқандар анықталған жағдайда, олар рейтинг комиссиясына ұсынылатын болады.

Рейтинг нәтижесі бойынша әр оқытушы үшін ортақ ұпай 193, ғылым бағыты қазіргі таңда белсенді бағытқа айналды десек болады, бұл бағыт бойынша порталға жүктелген еңбектердің үлесі – 80%, академиялық бағыт – 16%, әлеуметтік-мәдени, тәрбие бағыты – 3,3%. ОПҚ тарапынан 103 шағым келіп түскен, олардың көптеген ескертулері орындалғанын, әсіресе бағдарлама бойынша жұмыс жасамай, кейбір индикаторлар көрінбей тұрғаны туралы, осы шағымдардың барлығы реттелгенін айтты. Факультеттер, кафедралар, ҒЗИ-ның қай орында екендігі, ұпайлары, алғашқы TOP-100 ОПҚ тізімін презентация түрінде көрсетіп, атап өтті. Барлық рейтинг нәтижелері бойынша «өте жоғары» немесе «өте төмен» деген категориялар анықталды. «Өте төмен» жинаған ОПҚ шара қолдануға немесе комиссияға, «өте жоғары» ұпай жинаған ОПҚ ынталандыруға, марапатқа ұсынылады. Ал, «ортаңғы деңгей» жақсарту жұмыстарына, жетілдіру үшін тағы басқа ақпараттық жұмыстар үшін қолдануға болады. Және де рейтинг комиссиясының шешімдерімен таныстырып, хаттамасы ip.aui.edu.kz порталына орналастырылғанын, хаттамада қай нәрсені жақсартуымыз керек, ынталандыру қалай болады, келесі оқу жылы бағдарламаны өзгертіп жаңарту, ғылымға, хирша индексіне назар аудару керектігі туралы шешімдер қабылданғанын айтып өтті.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылындағы ішкі рейтинг нәтижелері туралы мәлімет назарға алынсын.

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1 Күн тәртібіндегі әртүрлі сұрақтар бойынша Ж.Дарибаев Факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясы бар екенін, бұл комиссияның құрылғанына екі жыл болғанын айтып өтті. Алғашқы жылы комиссия формальды түрде жұмыс істеді деген сын пікірлер көп болғанын, осы оқу жылында да бір қатар сын пікірлер айтылғанын, ағымдағы оқу жылының комиссия төрағаларының есебін осы мәжілісте тыңдау үшін сапа комитетінің №2 мәжілісінде шешім қабылдағанын айтты. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы 10 факультетте құрылған. Бұл комиссияның құрамы, оның жұмыс жоспары факультет декандарымен академиялық департаментпен келісе отырып бекітілген. Бүгін комиссия төрағаларының есебін қысқаша тыңдап өтсек. Регламентті бес минутқа дейін деп белгілеп алсақ деп, комиссия төрағаларына сөз берді.

Алғашқы болып Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Ж.Шалабаева сөз алды. Біздің факультет бойынша 16 комиссия мүшесі бекітілген. Оқу жылының басында оқу жоспарымыз бекітілді, комиссияның құрылу мақсаты негізінен білім беру бағдарламаларын жақсарту, сол бойынша барлық жұмыстар қарастырылды. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР ҒЖЖБМ Реестрінде тіркелуін және мерзімді жаңартылуын, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т. б. оқу бағдарламаларының бекітілуі қадағаланды. Қазіргі таңда факультетке қарасты білім беру бағдарламалары өте жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Оның ішінде «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы ҚР

ҒжЖБМ Реестріне 90% жоғары көрсеткішпен өтті. Ал, Тарих білім беру бағдарламасы 80-90% аралығындағы жақсы көрсеткішпен өтіп жатыр. Бұл жерде комиссия жұмыстары білім беру бағдарламаларын сараптау, жұмыс берушілердің ұсынымдарын жақсарту мақсатында жүргізілді. 2022-23 оқу жылы Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы отырысы әр ай сайын өткізіліп, он хаттама түзілді. Жалпы комиссияда қарастырылатын мәселелер хаттамада көрсетілген, мәжіліс хаттамалары университет сайтына орналастырылған деп сөзін түйіндеді.

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев бұл комиссия факультет кеңесінің ББ дайындау, оның сапасын жақсарту жұмыстары бойынша бірінші көмекшісі екенін, бұдан басқа үлгерім, білімгерге бағдарланған оқыту, ресурстармен қамтамасыз ету т.б. процестерге мониторинг жасау керектігін айтып өтті. Бізде осы уақытқа дейін ресурстармен қамтамасыз ету, оларға заявка беру, оны қаржылай қамтамасыз ету, жоспарларға ендіру сияқты көптеген мәселелері бар. Бұл жөнінде де комиссия жұмыс атқаруы керек еді. Бұдан басқа, сыртқы сапаны қамтамасыз етумен де осы комиссия айналасуы керек. Сондықтан, тек қана ББ ғана емес білім алушылардың үлгерімі, олардың контингенті т.б. бойынша іс-шараларға мониторинг жасауды қажет етеді.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы ескертудің өте орынды екенін айта келе, бұл айтылған процестер бойынша атқарылған іс-шаралар жылдық есепте қарастырылғанын, комиссия ережеге, талаптарға сай барлық жұмыстарды атқарып жатқанын айтты. Кәсіби бағдар жұмыстары бойынша іс-шаралар 25.05.2023ж. дейін жасалып жылдық есепте көрсетілген. Яғни, кәсіби бағдар жүргізуге қай мекемелерге барды, қандай жарнамалар жасалғаны туралы мәліметтер көрсетілген. Және де бітіруші түлектердің жұмысқа орналасқаны туралы, қай мекемелерге орналасқаны туралы талданған. Жалпы, факультетімізде педагогикалық ББ бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші 75%.

Орталық басшысы Ж.Дарибаев: былтырғы оқу жылындағы көптеген ескертулердің бірі, Министрлік тарапынан келген профилактикалық бақылау комиссия тарапынан Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының формалды екендігі, әкімшілік-басқару тарапынан жиынға қатысушылар формалды екендігі туралы айтылған. Сіздердің факультеттегі комиссия жиынына әкімшілік бөлімдер тарапынан қатысып отырды ма? - деген сауал қойды.

Комиссия төрайымы Ж.Шалабаева осы оқу жылы қаңтар айында өткізілген комиссия мәжілісіне әкімшілік бөлімдер тарапынан шақырылғанын, ББ жаңарту мәселелері талқыланғанын айтты. Қалған уақыттарда комиссия құрамындағы 16 мүшенің 13-14 мүшесінің қатысуымен мәжілістер өткізіліп отырғаны туралы айтып өтті.

Келесі кезекте, Экономика, басқару және құқық факультетінің комиссия төрағасы Н.Байбақов есеп беруді жалғастырды. Факультеттегі Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы Академиялық саясатқа сәйкес, факультет ұсынысымен, академиялық мәселелер вице-ректоры өкімімен комиссия құрамы бекітілген. Комиссия құрамыда 16 адам, 1 білімгер, 1 магистрант, 1 докторант, академиялық департамент тарапынан 1 маман, қалған мүшелері факультеттің оқытушы-профессор құрамынан жасақталған. Жоспары бір жылға бекітілген. Әр айда бір рет жоспарға сәйкес жиналып, күн тәртібіндегі мәселелер талданып, талқыланып өз шешімін тауып отырды. Комиссияның көп көмегі тиді, мысалы ғылыми жетекшілерді бекіту туралы, ұсыныс беру кезінде осы комиссияда жеке

тақырыптары талданып, жетекшілері бекітіліп қарастырылды. Сонымен қатар, екі рет Асу Portal – ға контенттер салу барысын комиссия тарапы тексерген кезде кемшіліктерді анықтап, дер кезінде түзетулер енгізіп отыруға тырыстық. Және де бізде факультетте 23 ББ бар, бакалавриат бойынша – 11 ББ, магистратура бойынша – 8 ББ, докторантура бойынша – 4 ББ. Бұл ББ ҚР ҒжЖБМ Реестріне енгізілген, кейбірі оң нәтиже беріп мақұлданып, жоғарғы көрсеткіш көрсетіп жатыр. Осы оқу жылында аккредиттеуден өтуге 1 ББ жоспарланған болатын, экономика ББ докторантура бойынша, ол да аккредиттеуден сәтті өтіп, сертификатталды. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – коммерциялық емес ұйымының ұйымдастыруымен өтетін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингіне келетін болсақ, 2 ББ позициясын жоғарылатамыз деп жоспарлаған болатынбыз, ол жоспар орындалды деп айта аламыз. Менеджмент ББ 2021-2023 оқу жылы 39 ББ 11 - орынды алған болсақ, биылғы оқу жылында 36 ББ арасынан 9 - орынға көтерілді, яғни позициясы жақсарды. Сонымен қатар, Мемлекеттік және жергілікті басқару ББ 2021-2022 оқу жылы 39 ББ арасынан 34 - орын алған, 2022-2023 оқу жылы 34 ББ 15 - орынды иеленді. Халықаралық қатынастар, есеп және аудит ББ 2021-2022 оқу жылы рейтинг нәтижесі шығарылмады, сол себепті салыстыра алмадық. Факультет комиссиясы есебінің соңғы бөлімінде қорытынды аттестаттау бойынша мәліметтер келтірілген. Білімгерлерді қорытынды аттестаттау, алдын-ала қорғау кезінде комиссия мүшелері қатысты. Бітіруші курста 237 білімгер, оның 18-і және магистратурада 22 магистрант бар, оның ішінде 5 магистрант қорытынды аттестаттауға жіберілмеді, деп комиссияның жылдық есебін қорытындылады.

Академиялық департамент директоры А.Бостанова қазіргі таңда факультеттегі қанша ББ ҚР ҒжЖБМ Реестріне ұсынылып, енгізілді, неше ББ эксперттер тарапынан мақұлданды деп сұрақ қойды.

Комиссия төрағасы Н.Байбақов, бакалавр бойынша – 11, магистратура бойынша – 8, докторантура бойынша – 4, жалпы 23 ББ реестрге енгізілді. Қазіргі мәлімет бойынша бакалавр бойынша – 3 ББ, магистратура бойынша – 2 ББ мақұлданды деп айтып өтті.

Орталық басшысы Ж.Дарибаев Академиялық саясатта Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы мониторинг жүргізеді және есеп береді делінген және осы жұмыстардың барлығы факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралады делінген, Сіздер оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде қарадыңыздар ма, әлде есепті бірінші рет беріп отырсыздар ма?

Комиссия төрағасы Н.Байбақов, алдында айтып өткендей күн тәртібіндегі мәселелерге, мысалы қорғауға жібермеу туралы, оқытушыларға дипломдық жұмысқа жетекшілік ету күзіреті берілмеу туралы т.б. шешімдер шыққан, хаттамада көрсетілген, қабылданған шешімдер оқу процесіне қатысты болғандықтан факультеттің кеңейтілген мәжілісі, оқу-әдістемелік кеңесі мәжілісі бір-біріне байланысты болады деп айтып өтті.

Ж.Дарибаев - Жалпы хаттамалардың барлығы рәсімделген бе және университет сайтына қойылған ба? – деп сауал қойды.

Комиссия төрағасы Н.Байбақов университет сайтына 8 хаттама қойылғанын, 9 хаттаманы сайтқа орналастыру кезінде дәлелдеуші құжаттарында кемшіліктер болып әлі қойылмағанын, 10 - хаттаманы сайтқа енді орналастыратынын айты.

Орталық басшысы Ж.Дарибаев: Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы білім беру бағдарламаларына, контингентке қатысты, білім алушыларға қатысты, сыртқы сапаны қамтамасыз етуге, яғни сырттан келетін түрлі комиссияларға қатысты іс-

шараларды бақылап, мониторинг жасауы қажет. Комиссия жұмысын барынша күшейтулеріңіз керек, - дей келе, қазіргі комиссия құрамына келесі оқу жылы өзгеріс енгізесіздер ме деп сұрап өтті.

Комиссия төрағасы, комиссия құрамы факультет деканының ұсынысымен өзгертіледі. Келесі оқу жылы комиссия құрамы міндетті түрде өзгертіледі, өйткені құрамындағы білімгерлер, магистранттар оқу ордамызды бітіруі мүмкін т.б. өзгерістерге байланысты деп жауап қатты.

Ж.Дарибаев: ұсынысты комиссия тарапынан берілуі керек, өйткені комиссия құрамына көп нәрсе көрініп тұрады, жұмыс істейтін қызметкерлерді комиссия құрамына қосыңыздар, жақсы жұмыс істейтін комиссия мүшелерін ынталандырыңыздар, әрі қарай бұл процесті мүмкіндігінше жедел жолға қою керек, деп айтып өтті.

Келесі кезекте Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков - Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жоспарына оқу процестерінің барлығы кіретінін білеміз, диссертациялардың сапасы бойынша құжаттарын да кіргізуге болады ма? – деп сауал берді.

Комиссия төрағасы Н.Байбақов комиссияның жоспарын бекіткен кезде күн тәртібінде магистратура мен докторантураның тек ББ ғана қосылған, ал диссертацияның тақырыбы, сапасы бойынша қарастырылмаған деп жауап берді.

Ж.Дарибаев жалпы сіздерде комиссияның бекітілген жылдық жоспары бар, екінші Академиялық саясат бар, үшінші Факультеттегі сапаны қамтамасыз ету ережесі деген құжат бар. Сол жерде қарайтын болсаңыздар комиссияның атқаратын бүкіл функциясы жазылған. Осы құжаттарда Х.Масадиковтың сұрағы бойынша мәлімет болуы мүмкін деп айтып өтті.

Х.Масадиков бұл не үшін айтылып отыр, қазіргі таңда қорғау жұмыстары жүргізіліп жатыр, кафедраларда дайындалған диссертациялардың сапасы өте төмен. Оқу процесі бір бөлек, бірақ диссертацияда процестің қорытындысы, бәлкім осы мәселені көтеріп, бір жүйеге келтіру керек шығар. Жетекшінің жауапкершілігі, мысалы алдын-ала қорғау кезінде өте сапасыз жұмыстарға ескертулер айтылады, жетекшілер түзетулер жасаймыз дейді, алайда түзетулер енгізілмейді. Сондықтан сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жоспарына жауапты жетекшілерді, диссертацияның сапасын қадағалау мәселелерін қосып, сол бойынша да арнайы жұмыстарды жүргізілсе деген ұсыныс білдірді.

Келесі кезекте Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы Д.Келесбаев сөз алып, қазіргі қойылған сұрақтар, айтылған мәселелерге қарай факультеттің ғылыми кеңесінде, оқу-әдістемелік кеңесінде, Сапаны қамтамасыз ету комиссиясында бірдей мәселелер қаралатын болса, осы комиссияны қалдырсақ. Екінші, ғылыми диссертацияларға қатысты кафедраның мәжілісі бар, магистранттың ғылыми жұмыстарын қабылдайтын кеңес бар, сондай-ақ, жетекшісі бар, енді оны келіп қайтадан комиссияға салу қаншалықты дұрыс. Жетекшінің жауапкершілігін, кафедраның жауапкершілігін бір жерге шоғырландырмаса нәтижесі сондай болады, көп мәселені децентрализация жасау керек деп ұсыныс айтып өтті. Кафедра деңгейіндегі жауапкершілікті кафедра меңгерушісіне беру керек, біз барлығын бір жерге жинап аламыз. Кейбір мәселелерді жауапкершілігін өздеріне берейік, жетекшіге, кафедраға, ол өзі жауапты болмайтындықтан жауапкершілікті алмайды, құжаттарға қол қойып жібере береді. Аймақтық деңгейде, жергілікті деңгейде кейбір функцияларды беру керек. Жоғарыда айтылған мәселелер де дұрыс, көп нәрсеге үлгермейміз, көп нәрсе ағыммен әйтеуір кетіп жатыр, бір жиналыстан екінші жиналысқа өтеміз. Кафедраларда не болып

жатқанынан хабардар болуымыз керек, солардың үнін тыңдап, түсінуіміз қажет. Өзіміздің іс әрекеттерімізді, өзіміздің қабылдаған шешімдерімізді бір тараптан шешпеу керек деп айтып өтті.

Ж.Дарибаев: ия, жаңа факультет декандарына қатысты жұмыстың өте көп екендігі, қауырыт екендігі және оны көп жағдайда үлгере алмай жатқандығын айтып өттік. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясына қатысты көптеген ережелер дүниеге келді, сол ережелер бекітіліп жатқан кезде барлығы бұл процеске қатысуы керек, әсіресе факультет декандары. Факультет кеңесінің жоспарында, кафедраның меншігінде функциялар ережеде бар болып жатса ол баптарды алып тастау керек. Хайрулла мырзаның айтып жатқаны жетекшілікке қатысты, былайша айтқанда кафедраның жауапкершілігіндегі мәселелерге неге тиісеміз дейсіздер. Бұл жерде Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жетекшілікке қатысты барлық мәселелерді қадағалауды түк қалдырмай мойнына алып жатқан жоқ, алайда, кафедрадағы кейбір процестер орындалмай жатыр, оның сапасы төмен болып жатыр, оны сол комиссияда қараудың не әбестігі бар? Егер процесс жүрмей жатса, жұмыстың көзін таба алмай жатса оның басындағы жауапты адамдар өзіне қатысты міндетін атқара алмай жатса оның бәрін бір жерде қаралуы керек деп ойлаймын. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының ережесі бар, соның ішінде функциялар нақты жазылған, егер ол факультет кеңесінің функциясымен бірдей болып қосарланып жатса әрине алып тастаңыздар, оған ешкім кедергі жасамайды, - деп сөзін түйіндеді.

Келесі кезекте Теология факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы Ж.Нурматов есеп берді. 2022-2023 оқу жылында Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жоспары жасалған. Комиссия мүшелері арасында білімгерлер мен магистранттар тартылған. Комиссия жиналыстарында білім беру бағдарламаларды жаңарту бойынша студенттер де өздерінің пікірлері мен көзқарастарын айта алады.

Факультетте 6B02266-Исламтану білім беру бағдарламасы Мармара университетімен бірлескен білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.

6B02229-Теология, 6B02228-Дінтану білім беру бағдарламасы Эрасмус, Мәулана, Орхун сияқты халықаралық бағдарламалар аясында студенттердің ішкі және сыртқы ұтқырлықтарын жүзеге асыру мақсатында серіктес (Сақария, Мармара және т.б) университеттердегі білім беру бағдарламалардың оқу жоспарын ескере отырып, еңбек сыйымдылығы 240 академиялық кредиттен 260 академиялық кредитке көбейтіліп ҚР ҒжЖБМ Реестріне жүктелді.

ҚР ҒжЖБМ Реестрінде сараптамадан сәтті өтіп, 6B02229-Теология және 6B02228-Дінтану білім беру бағдарламалары жаңартылды. Алдағы уақытта Түркия университеттермен қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жоспарлануда. Жалпы факультет бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші бакалаврда 70%, магистратурада 100 % деп айтып өтті.

Комитет төрайымы А.Ошибаева - жалпы комиссия факультеттегі процестердің сапасына әсерін тигізеді ме? Д.Келесбаев мырзаның Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жұмысы басқа комиссия жұмыстарын қайталайды дейді, сіздің ойыңыз қандай? – деп сауал қойды.

Теология факультеті Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы әрине, кез-келген процесс сапалы болуы керек. Әркім өз жұмысын, өзіне бекітілген жұмысты жасау керек, - деп айтып өтті.

Келесі кезекте Жаратылыстану ғылымдары факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының есебі тыңдалды. Комиссия төрағасы

Ш.Курбанбеков оқу жылының басында комиссия жоспары әдістемелік бөліммен келісе отырып бекітілгенін айтып өтті. Комиссия құрамы 1 докторант, 1 магистрант, 1 студент және Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінен бір маман, қалған мүшелері факультеттің оқытушы-профессорларынан құралған. Жалпы, факультет бойынша 23 білім беру бағдарламалары бар. Комиссия тарапынан ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР ҒжЖБМ Реестрінде тіркелуін және мерзімді жаңартылуын, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т.б. оқу бағдарламаларының бекітілуі қадағаланды. 2022-2023 оқу жылында дайындалған білім беру бағдарламалары Академиялық комитет шешімімен 01.09.2022 жылғы мәжілісінде қаралып, Сенат мәжілісімен бекітілген. Жаңа 2022-2023 оқу жылына білім беру бағдарламалары білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларына енгізілген жаңа нормаларды ескере отырып, құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының академиялық және басқару персоналының әлеуетін арттыру негізінде әзірленді. Білім беру бағдарламасы бойынша силлабустар, оқу-әдістемелік кешендер Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет мәжілісімен бекітілген және 100% қамтамасыз етілген. Жұмыс оқу бағдарламалары бойынша барлық пәнге силлабустар мен оқу-әдістемелік кешендер қойылатын талаптарға сай дайындалған. Факультет түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 60-65%, бірқатары ББ 100% құрайды. Жалпы факультет бойынша жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары деңгейде деп айта аламыз деп сөзін қорытындылады.

Ж.Даригаев алдыңғы Теология факультетінің есебінде кәсіби бағдар жұмыстары жүргізілгенін айтып өтті, негізі, бұл комиссияның функциясына жатпайды. Егерде бір процестің ішінде бір кемшілік, бір проблема болған жағдайда осы комиссия араласуы керек. Факультет бойынша жалпылама мәліметтерді оқу-әдістемелік комитеті, сол саланың мамандары жасайды, бұл мәліметтер бар. Сіздер осының ішіндегі проблемалық мәселелерді, мысалы жаңартылмаған ББ болса соған акцент жасап, сол мәселені зерттеп, мониторинг жасауларыңыз керек. Осылай факультетке көмектесе аласыздар, қалған құрылымдарға, департаментке, жалпылама алғанда университетке де кеңестеріңізді, көмектеріңізді бере аласыздар. Яғни, сіздердің міндеттеріңіз мониторинг жүргізу, кез-келген процеске емес, қай жерде процесс ақсап жатыр, қай процестер қалып бара жатыр, қай жерде процесс басқарылмай жатыр сол жерлерге араласу керек. Ал, жалпылама есеп жасап, 152 беттік есеп дайындау ешкімге керек емес, сондықтан мәжілістің басында айтып өттім, сіздерге есептің үлгісі не үшін берілмегені туралы. Жалпы көп мәліметтерді жинақтай берудің қажеті жоқ, факультеттегі ақсап жатқан төрт, бес проблеманы реттеп берсеңіздер сіздердің үлестеріңіз көп болмақ деп айтып өтті.

Комитет төрайымы А.Ошибаева, негізі бұл мәселе неден туындады, біз бірнеше әріптестерімізбен Қарағанды медицина университетіне конференцияға қатысуға барған болатынбыз. Осыдан он жыл бұрын Қарағанды медицина университеті Еуропалық бірнеше университеттермен бірге жаңа заманауи университеттерді құру үшін Эрасмус жобаларына қатысқан болатын. Осы жобаларға қатысу барысында өздеріндегі бүкіл процестерді керемет өзгерткен, керемет тәжірибелері бар. ББ аудиті туралы, сапаны қалай анықтайды, қалай тексереді, қалай мониторинг жасайды сол туралы өте көп мәселелер айтылған. Конференцияда практиканы қалай жүргіземіз, симуляцияны қалай жасаймыз т.б. өте жақсы мәліметтер айтылды. Мысалы, кейстерді қалай пайдаланамыз, не

істейді, кейстер ауқымды, өте қызықты, күрделі етіп жасалған. Кәдімгі күнделікті ситуацияны көрсететін кейстерді әзірлеген. Сол кезде Жанәлі Еркінбекұлынан сұрадым, біз үнемі сапа туралы, аудит туралы айтамыз, сол процестерді көрейік деп, не үшін жасап жатырмыз, қалай сапаға әсер етеміз? Сол үшін сіздерден де сұрап жатырмын, сіздерде өздеріңіздің тараптарыңыздан жасалып жатқан процестер сапаға әсер етіп жатыр ма, әлде әсері жоқ па сол жағын бақылап, талқыласаңыздар деп айтып өтті.

Ж.Дарибаев басқа сұрақтар болмаса, келесі факультеттің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының есебін тыңдауға шақырды.

Инженерия факультетінен оқу ісі жөнінен декан орынбасары Ж.Исабеков Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы есебін талқыға салды. Слайдта (қосымша тіркелді) қазіргі білім беру бағдарламамыз, келесі оқу жылына жоспарланған контингенттер факультет деңгейінде қарастырылып, осы комиссиямен ақылдасып отырылған мәселелер екенін айтып өтті. Ғылыми дәрежелікті жоспарланған деңгейге жеткізу мақсатында келесі оқу жылында факультетімізге Түркия Республикасынан 2 PhD-ге шақырту берілді. Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылы сегіз оқытушы біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Енді факультеттегі білім беру бағдарламалары бойынша айтар болсақ, барлығы ГОСО бойынша, кәсіптік стандарттарға сәйкес бакалавр мен магистратура деңгейі жаңартылып, оның 3 ББ бакалавр деңгейі бойынша өтіп, 2 ББ қарастырылуда. Осы оқу жылында «Машина жасау» ББ жаңадан ашылып, ҚР ҒжЖБМ Реестріне енгізілді. Одан кейін университет деңгейінде өткізілген сауалнама нәтижелері факультет деңгейінде қарастырылып, әр кафедра бойынша барлық сұрақтар талқыланды. Соңғы 2022 жылы екі ББ «Электр энергетикасы» мен «Ақпараттық жүйелер» Атамекен рейтингінде бірнеше позицияға жоғары көтерілген. Осы оқу жылында «Автоматтандыру және басқару» ББ магистратура бойынша 5 жылдық аккредиттеуден өтті. Сапаны қамтамасыз ету комиссия ережесінде ақпаратты басқару деген бап бар, осыған сәйкес факультетіміздің сайты жаңартылып, оқуға түсетін талапкерлерге, басқа әріптестерімізге болсын өте ыңғайлы етіп, ақпараттар енгіздік. Мысалы, біздің оқу орнымызға ауысып келетін білімгерлер біздің ББ қарап, қандай пән айырмашылықтары бар екенін көре алады. Сонымен қатар, оқытушыларымыздың ғылыми-зерттеу бағытындағы өздерінің айналысатын ғылыми бағыттары да осы вебсайтымызда жарияланған. Сөз соңында, біздің бірден бір ұсынатын мәселеміз, білімгерлерге сауалнаманы сессиядан кейін емес, сессияға дейін жүргізілсе екен дейміз. Білімгерлердің оқытушыларға деген көзқарасы өзгермеуі үшін, таза нәтижені көру үшін 14-15-ші аптада осы сауалнаманы өткізсек. Өйткені байқағанымыздай, білімгерлер немқұрайлы жәй ғана сұрақ жауаптарын баса салады немесе жазғы сессияға қалып жатқан кезде де жауаптарды баса салады.

Ж.Дарибаев: мәселен, алдында айтылған факультеттерге де қатысты барлық процеспен комиссия айналысып жатқан секілді есепте жалпылама бүкіл мәліметтер айтылған. Мысалы, бір сұрақ жаңа сауалнама нәтижелерін көрсеттіңіз, сауалнаманы кім ұйымдастырды, сіздер өткіздіңіздер ма?

Инженерия факультетінің декан орынбасары Ж.Исабеков сауалнама ректорат тарапынан бүкіл білімгерлерге жүргізілгенін атап өтті.

Ж.Дарибаев: Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы осы сауалнаманың ішіндегі төмен көрсеткіштерге мониторинг жасаса жеткілікті. Екінші, Электр энергетика ББ контингентін көрсеттіңіздер, 1-ші курс бойынша жеті білімгер, алдыңғы оқу жылдары бұл ББ өте мықты болатын, 60-70, кей жылдары тіпті 90

білімгерге дейін оқуға түсетін. Бұл назар аударатын мәселе, Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының араласатын мәселесі. Контингентке қатысты білімгер санының төмендеуі себептерін, қандай кедергілер бар екенін анықтау. Келесі «Электр энергетикасы» ББ-ның «Атамекен» рейтингіндегі орны алдыңғы жылы 29 оқу орнынан 29 - орын, биыл ғана кішкене 30 оқу орнынан 23 - орын алға шыққан. Осы мәселеге де Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы назар аударуы керек деп айтып өтті.

Инженерия факультетінің декан орынбасары Ж.Исабеков: Электр энергетикасы ББ бойынша айта кетсем, бұрын контингент жоғары болған деп жатырсыз, мүмкін болған шығар, ол кезде оқуға түсу ҰБТ балы 50 балл болған, ал, қазір 60 балл ол да контингенттің келмеуіне әсер етуі мүмкін, - деп атап өтті.

Орталық басшысы Ж.Дарибаев бірнеше факторлар бар, осындағы Кентау трансформатор зауытымен бірлескен қарым-қатынасты жолға қою өте жақсы нәтиже берді, алдыңғы жылдарда 60-70 білімгер болғаны, әрбір бітіруші осы зауытқа орналасатын. Оларға көтерме қаржы берілетін, олардың айлық жалақысы өте жоғары болатын, Қазақстандағы алты филиалы да жұмысқа қабылдай беретін. Ал, қазір бұны жарнамалап жатқан ешкім жоқ. Басқа сұрақтар болмаса келесі факультетті тыңдасақ, деп келесі факультетке сөз берді.

Келесі кезекте Филология факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы Л.Қазыханқызы комиссия құрамын таныстырып, комиссия құрамында факультетке қарасты кафедралардан бір оқытушыдан, 1 докторант, 1 магистрант, 1 білімгер және Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінен бір маман бар екенін атап өтті. Факультетке қарасты білім беру бағдарламалары оқытудың кредиттік технологиясы негізінде даярлануы бойынша мониторинг жүргізілді. Яғни, ББ бағдарламаларының Болон процесіне кіретін шетелдік университеттердің ББ бағдарламаларымен салыстырыла отырып Бенчмаркинг талдау жүргізілді, пәндердің сәйкестігіне анализ жасалды. 2023-2024 жаңа оқу жылына дайындалған ББ бағдарламалары осының негізінде жаңартылды. Факультет бойынша 17 білім беру бағдарламалары бар, оның ішінде 10 ББ жаңартылып ҚР ҒжЖБМ Реестріне енгізілді. Келесі кезекте жұмыс берушілермен байланыс орнату өз нәтижесін беруде, бірқатар мектептермен дуалды оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы келісім-шарт түзілді. Биылғы оқу жылы 7 ББ аккредиттеуден өтіп, барлығы 5 жылға сертификатталды. «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы – коммерциялық емес ұйымының ұйымдастыруымен өтетін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингісі бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Шетел тілі: екі шет тілі» білім беру бағдарламалары биылғы жылы екі сатыға жоғарылады. Қалған ББ рейтингтегі нәтижесі жаман емес, тек қана «Аударма ісі: ағылшын тілі» ББ былтырғы оқу жылында 27 оқу орындарынан 13-ші орында еді, биыл 28 оқу орындарынан 23-ші орынға түсіп кетті. Бағдарламалардың оқыту, сабақ беру, бағалау бойынша Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы тарапынан мониторинг жүргізілді, және факультетке қарасты Ағылшын филологиясы және аударма ісі, Педагогикалық шетел тілдері, Әлем тілдері, Жалпы академиялық ағылшын тілі, Қазақ филологиясы, Түрік филологиясы кафедралары бойынша ПОҚ құрамының сабақ жүргізетін пәндері контенттерінің portal.ayu.edu.kz базасына толық және сапалы, ережеге сәйкес әзірленіп енгізілуін қадағалау мақсатында мониторинг жүргізілді. Сонымен қатар, ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы қадағаланды, кәсіптік практика құжаттарына Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

бөлімі қызметкерлерімен бірігіп мониторинг жүргізілді, дұрыс рәсімделмеген құжаттар оқу-әдістемелік кеңесінде талданып, кафедра меңгерушілеріне анықталған кемшіліктерді жою талап етілді. Білім беру процесінде оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг жасалды деп комиссия есебін қорытындылады.

Келесі кезекте, Спорт және өнер факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрағасы М.Дайрабаев факультетте екі даярлау бағыты педагогикалық және өнер бағыттары бойынша жұмыс жүргізілетінін айтып өтті. ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР ҒжЖБМ Реестрінде тіркелуін және мерзімді жаңартылуын, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т.б. оқу бағдарламаларының бекітілуі қадағаланды. 2022-2023 оқу жылында дайындалған білім беру бағдарламалары Академиялық комитет шешімімен 01.09.2022 жылғы мәжілісінде қаралып, Сенат мәжілісімен бекітілген. 2 жаңа білім беру бағдарламасы ҚР ҒжЖБМ Реестріне енгізілді, 1 ББ 87% өтті, екіншісі қарастырылуда. Аккредиттеу мерзімі аяқталған және аккредиттелмеген ББ бағдарламалық аккредиттеу процестері ұйымдастырылып, факультеттегі бағдарламалар КЕМ «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» бойынша 2022-2022 оқу жылында «Орындаушылық өнер» кафедрасында 6B02123-Актерлік өнері, 6B02124- Хореография, 6B02122-Дәстүрлі музыка өнері, 6B02121-Вокалдық өнер, 6B02165-Эстрада өнері, «Дене мәдениеті» кафедрасынан 7M01404-Денешынықтыру және спорт білім беру бағдарламалары 5 жыл мерзімге мамандырылған аккредиттеуден өткендігі жөнінде сертификат берілді. Дуальды оқыту бойынша осы уақытқа дейін бір мекемемен келісім-шарт түзілген болса, осы оқу жылында тағы бір мекемемен келісім-шарт түзілді. Атамекен рейтингіне биыл 6 ББ ұсынылған болатын. Биылғы бітіруші курстардың қорытынды аттестаттау түрі факультеттегі мамандықтардың ерекшелігіне байланысты кешенді және шығармашылық түріне ауыстырылды. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы құрамы 10 ОПҚ, 1 білімгер, 1 магистрант, құралған.

Орталық басшысы Ж.Дарибаев: жалпы факультетте жыл сайын қайталанатын, назар аударуды қажет ететін, қандай процесс бар ма? - деген сауал қойды.

Бұл сұраққа факультеттің тәрбие бойынша декан орынбасары Е.Мамбетаев жалпы факультеттегі білім беру бағдарламасы бойынша сұранысқа ие емес ББ бар болатын, қазіргі уақытта ол ББ реестрге тіркелмеді, ол өздігінен жабылды. Туризм саласы дамып келе жатқандықтан көпшілігі ұлттық қол-өнер бұйымдарын сұрайды, біз халықтың сұранысы бойынша, «Сәндік қолданбалы өнер» деген жаңа ББ әзірлеп, ҚР ҒжЖБМ Реестріне енгіздік, нәтижесі әзірге белгісіз, әлі қарастырылуда. Одан кейін «Бастапқы әскери дайындық» және «Дене шынықтыру» ББ біріктіріп, жаңадан ББ әзірленіп, реестрге енгізілді, эксперттер тарапынан мақұлданып 87% өткенін айтып өтті.

Әрі қарай есеп беруді Стоматология факультетінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрайымы А.Бексейтова жалғастырды. Сапаны қамтамасыз ету комиссия мүшелері жалпы 11 адам, 1 білімгер, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінен 1 маман. Комиссия тарапынан ББ мазмұны мен құрылымы МЖБС талаптарына сәйкестігін, ҚР ҒжЖБМ Реестрінде тіркелуін және мерзімді жаңартылуын, 2022-2023 оқу жылына ББ, НОЖ, т.б. оқу бағдарламаларының бекітілуі қадағаланды. 2022-2023 оқу жылында дайындалған білім беру бағдарламалары Академиялық комитет шешімімен 01.09.2022 жылғы мәжілісінде қаралып, Сенат мәжілісімен бекітілген. 2022-2023 оқу жылына білім беру

бағдарламалары білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларына енгізілген жаңа нормаларды ескере отырып, құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жоғары оқу орындарының академиялық және басқару персоналының әлеуетін арттыру негізінде әзірленді. Стоматология білім беру бағдарламасы 10%-ға жаңартылды. Пәндердің электронды оқу-әдістемелік кешендері (силлабус, лекция тезистері, иллюстративтік және таратылым материалдары, семинар (практикалық), лабораториялық сабақтардың жоспары мен әдістемелік нұсқаулары және т.б.) ауу.portal сайттарына жүктелгеніне, сапасына мониторинг жасалды. ББ пәндерін жүргізетін профессор оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестігі қадағаланды. Университет бойынша жүргізілген сауалнаманың факультет бойынша нәтижелеріне талдаулар жасалды деп айтып өтті.

Келесі кезекте Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультетінің деканы С.Түктібаева Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының есебін берді. Факультет деканы Комиссия төрайымы Э.Алиеваны білімгерлердің қорытынды аттестациясында екенін ескертіп өтті. Білім беру мазмұны, құрылымы барлығы талаптарға сәйкес, 28 білім беру бағдарламасы резидентура бойынша жаңартылып реестрге енгізілді. 2022-2023 оқу жылында 3 ББ «Терапиялық стоматология», «Ангиохирургия ересектердің, балалардың», «Балалардың, ересектердің бет-жақ хирургиясы» резидентура бойынша жаңадан әзірленіп, реестрге енгізілді. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі талқыланды, интернатура бойынша жұмысқа орналасуы – 87%, резидентура бойынша – 92,9%. ББ білімгерлерін аралық аттестаттау бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуіне, аттестаттау нәтижелеріне талдау жүргізілді. Университет тарапынан ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылған сауалнамаларға білімгерлердің барлығы қатысты, сауалнама нәтижелеріне талдаулар жүргізілгенін айтып өтті.

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев Медицина (Түркістан, Шымкент), Стоматология факультеттеріндегі оқу процесі, сыбайлас жемқорлық, емтихан кезіндегі ақша ұсыну, тест сұрақтарын сату сияқты мәселелер азайды, бірақ әлі тоқтаған жоқ. Осы мәселелер Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының айналысатын объектісіне айналып, осы мәселені де зерттесе деген ұсынысын айтып өтті. Бұл процесс медицина саласы бойынша әлі толық зерттелмеген, бұны қалай тоқтатуға болады, Медицина, Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті, Стоматология факультеттерінің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы осы мәселені жылдық жоспарына енгізсе деп айтып өтті. Он факультеттен тоғыз факультеттің Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы есебін тыңдадық, медицина факультетінің деканы, комиссия төрағасы білімгерлердің қорытынды аттестациясында болғандықтан келмеді, Дайындық орталығы бұл іс-шарадан босатылған. Барлық комиссия төрағаларының есебін тыңдадық, біраз жақсы мағлұматтар алдық, біраз шешілмеген мәселелер бар екенін көрдік. Келесі оқу жылы қыркүйек айында жоспарлау кезінде осы бүгінгі жиында айтылған мәселелерді назарға алуды ұсынды. Мәжіліске қатысушылар ой-пікірлерімен бөлісті.

Шешім:

1. Факультеттердегі Сапаны қамтамасыз ету комиссия төрағалары мен төрайымдарының есептері назарға алынсын.

2. 2023-2024 оқу жылының жоспарлау кезеңінде Сапаны қамтамасыз ету комиссия іс-шаралары толық қамтылуы қамтамасыз етілсін.


Жауапты: Факультет декандары, комиссия төрағалары.

Орындау мерзімі: 10.09.2023ж. дейін

3.2 Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелердегі екінші сұрақ бойынша Ж.Дарибаев сыртқы эксперттердің ұсынымдарына қатысты жақсарту шаралары бойынша өткен комитет мәжілісінде қаралғанын айтып өтті. Соған сәйкес, факультеттерде жақсарту шараларына басшылық тарапынан талдаулар жасалып, есептері өткізілді. Бірқатар факультеттерден келген есептерге назар аударғанымызда, жап-жақсы талдаулар жасағаны байқалады. Кейбір декандар ой-пікірлерімен бөлісті, бұдан басқа, әлі күнге дейін басшылық тарапынан талдау процесіне немқұрайлы қарап жатқан факультеттер бар. Мысалы, біздің сыртқы эксперттер мен серіктестеріміздің бағдарламаны әзірлеу процесіне білімгерлердің қатысуын жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету деген ұсынымдары бар, бұл үнемі айтылатын мәселе. Осы ұсынымдарды жүзеге асыру бойынша іс-шараларға бір факультет тарапынан жазған жазбаларға қарап, өрескел жауаптарды көрдік. Мысалы: «осы ұсыным бойынша жақсарту шараларын жүргіздік, шешімі: кафедра студент контингентін арттыру мақсатында, студенттердің нарық сұранысына сәйкес ойын білу мақсатында сауалнама жүргізу, сауалнаманы даярлау кафедра оқытушыларына, сауалнаманы жүргізу топ тәлімгерлеріне жүктелсін» делінген. Ұсынымда студенттерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатыстыру керек дейді, ал, оны талдаған басшылар сауалнама жүргізіп, студент контингентін арттыру керек деп басқа шешімдер қабылдайды, яғни, әлі де басшылық тарапын талдау деген жұмыстардың тек қағаз үшін жасалып жатқандары бар деген сөз. Сондықтан, бұл мәселелерді ескерсеңіздер, әрқайсысына ескертулер жазылды, біраз есептерді бірге түзетулер жасадық. 10 факультеттің басшылық тарапынан талдау есептері қаралды, кейбір факультеттер құнды мәселелерді ескерген.


Шешім: Факультеттердің Сыртқы эксперттердің ұсынымдары бойынша жүргізілген жақсарту шараларына басшылық тарапынан талдаулар бойынша есептері назарға алынсын.

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы



А.Ошибаева

Хатшы



А.Бакирова